

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ  
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО  
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8,  
Министрліктер үйі, 5 - кіреберіс  
тел: 8 (7172) 74 36 50, 8 (7172) 74 37 27

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 8,  
Дом Министерств, 5 подъезд  
тел: 8 (7172) 74 36 50, 8 (7172) 74 37 27

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттары  
Қазақстан Республикасының  
«АМАНАТ» партиясы  
фракциясының мүшелері  
Г. Нұрымоваға,  
Ж. Сүлейменоваға,  
З. Камасоваға,  
Ж. Телпекбаеваға,  
А. Нұркинаға,  
В.Кимге,  
Н. Раззаққа,  
М. Төлепбергенге,  
Ф. Қаратаевқа,  
Б.Сартбаевқа,  
Л. Павловецке,  
Қазақстан халқы  
Ассамблеясының мүшесі  
І. Бұларовқа

2022 жылғы 23 қарашадағы  
№ ДЗ-333 сауалға

**Құрметті депутаттар!**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) медициналық көмектің сапасын арттыруға бағытталған қолданыстағы заңнама, денсаулық сақтауды дамыту тұжырымдамасы және ұлттық жобалар шеңберінде медициналық білім беру саясатын іске асырады.

**Анықтама:** қосымша білім беру қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын және танылған аккредиттеу органдарының тізіліміне енгізілген аккредиттеу органдарында институционалдық аккредиттеуден өткен білім және ғылым ұйымдарында жүзеге асырылады.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 221-бабының 6-тармағына сәйкес **медициналық мамандықтар** бойынша қосымша білім беруді және медицина қызметкерлеріне формальды емес білім беруді жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары, ұлттық және ғылыми орталықтар, ғылыми-

*зерттеу институттары, жоғары медициналық колледждер аккредиттелген клиникалық базалардың, денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдары клиникаларының, университеттік ауруханалардың базасында жүзеге асырады.*

Дәрігерлер мен медбикелерді **оқыту сапасы** соңғы он жылдықтарда **айтарлықтай төмендеді**, медицина қызметкерлеріне **шағымдардың саны артты**, бәсекелестік ортада, әсіресе жеке білім беру орталықтарында медицина қызметкерлерін оқытуды **бақылау жоқ**.

Бүгінгі күні жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының, ұлттық және ғылыми орталықтың, ғылыми-зерттеу институтының, жоғары медициналық колледждің тиісті мәртебесі жоқ білім беру орталықтары Білім беру орталығының («*Институт*», «*Академия*», «*Ұлттық орталық*») атауына, тәжірибесіне, халықаралық ынтымақтастыққа, шартқа, институционалдық аккредиттеуге сілтеме жасай отырып, Қазақстан Республикасы Кодексінің 221-бабына сәйкес келмейтін қосымша білім беру бойынша медициналық мамандықтар бойынша қосымша білім беру қызметтерін көрсетеді.

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының мәртебесі орта білімнен кейінгі, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейлері бойынша тиісті қосымшасы бар білім беру қызметіне қолданыстағы лицензияның, сондай-ақ институционалдық және (немесе) мамандандырылған аккредиттеудің болуымен айқындалады.

Әлемдік тәжірибеде **медициналық мамандықтар** бойынша білім беру бакалавриат, интернатура және резидентурадағы базалық медициналық біліммен салыстырғанда ең **ресурстарды қажет ететін және күрделі болып** табылады, өйткені білім беру және ғылым ұйымында **алдыңғы қатарлы медициналық технологиялардың және тиісті оқытушы-профессорлар құрамның болуын талап етеді**.

Соңғы жылдары еліміздің білім беру орталықтары арасында конкурстық рәсімдерді өткізу кезінде оқыту құнының жоғары демпингінің үрдісі байқалады, онда бір апта ішінде дәрігердің **оқу құнының 5000-7000 теңгеге дейін төмендеуі байқалады**, бұл медицина қызметкерлерін оқыту кезінде ресурстық қажеттіліктің шындығымен мүлдем салыстыруға келмейді. Мұның бәрі ішінара формальды оқытуға және көбінесе **оқытудың толық болмауына әкеледі**, мұнда медицина **қызметкері** негізгі жұмыс орнында **қалып, тіпті оқуға кетпейді**, оқу кезеңінде негізгі жұмыс орнынан босатылмайды және клиникалық базаларға жіберілмейді, сонымен бірге біліктілікті арттыру немесе қайта даярлау туралы **куәлік алады**.

*Анықтама: медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау туралы куәліктерді ресми түрде беру (өткен жылдар) және қолдан жасау жағдайлары барған сайын анықталуда.*

Соңғы **онжылдықтарда** және 2021 жылға дейін қолданыстағы нормативтік-құқықтық базаның салдарынан қосымша кәсіптік және формальды емес білім беру **лицензияланбаған** қызмет түріне айналды. Бұл қызметтің осы түрін ұсынатын, бірақ жеткілікті біліктілігі мен материалдық-техникалық базасы жоқ шағын білім беру орталықтарының өздігінен

**бақылаусыз өсуіне әкелді.** Олардың көпшілігі жалға алынған кеңістіктегі шағын офисті ұсынады қызметкерлер саны аз, ал оқытушылар құрамы мен медициналық ұйымдармен келісімшарттар қағаз жүзінде рәсімделген және дәрігерлер мен мейіргерлерді оқытудың сапалы әдістемелік негізін білдірмейді. Көптеген білім беру орталықтары кез-келген саланың барлық қажетті бағыттары бойынша («ЖК» немесе «ЖШС» түрінде), инженерия, педагогика, денсаулық сақтау (*110-нан астам мамандық бойынша*), ауыл шаруашылығы, IT-технологиялар, мұнай өнеркәсібі және т.б. тиісті ресурстары жоқ, ал жетекші ұлттық медициналық орталықтар және ел институттары мамандықтардың 4-5 арнайы бағыт бойынша оқытуға дайын.

**Керісінше,** «Ғылым туралы» Заң шеңберінде және жетекші жоғары оқу орындары мен ғылыми институттармен **консорциум шеңберінде адал білім беру орталықтары** медицина қызметкерлеріне қосымша білім беріп, Министрлік білім алушылардың оң пікірлерін алса, ал ЖОО мен ҒЗИ білім беру қызметтерінің сапасының кепілі болып, қабылданған стандарттарға сәйкес сапа мониторингі мен толық есептіліктің толыққанды рәсімдеріне жататын оң мысалдар бар.

**Әлемдік тәжірибеде** медицина қызметкерлерін оқыту жетекші ғылыми медициналық орталықтар мен университеттерде, басқаша айтқанда **білім және ғылым ұйымдарында жүргізіледі.**

Медициналық білім мен медициналық мамандықтар реттелетін кәсіптер болып табылады, өйткені бұл медициналық қызметтердің сапасы, халықтың денсаулығы, нәтижесінде ұлттың қауіпсіздігі.

*Мысалы: «С. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ-ға денсаулық сақтау саласында қосымша білім беруді жүзеге асыратын жеке білім беру орталықтарынан (ЖК және ЖШС) консорциумдардың қорытындысы бойынша 50-ден астам ұсыныс келіп түсті, онда талаптарға сәйкестік тек 2 ұйым бойынша анықталды, осындай өтініштер мен сәйкессіздіктер ұсынылды және елдің басқа медициналық университеттері мен ҒЗИ анықталды (құжаттаманың сәйкес келмеуі, клиникалық базалардың, симуляциялық жабдықтардың болмауы, жасалған шарттардың ресмилігі, білім беру бағдарламаларының болмауы, жеке ғылыми-педагогикалық кадрлардың болмауы, аккредиттеудің болмауы және т. б.).*

**Анықтама.** Денсаулық сақтау министрлігі денсаулық сақтау, оның ішінде медициналық білім беру саласындағы уәкілетті орган болып табылады және денсаулық сақтау саясатын іске асыратын мемлекеттік орган болып табылады, оның тікелей құзыреті медициналық білімнің барлық түрлерін жүзеге асыру тәртібін, оның ішінде ресми, қосымша, формальды емес және ақпараттық білім беру арқылы іске асырылатын медицина қызметкерлерінің үздіксіз кәсіби өсу қағидаттарын айқындау болып табылатынын еске отырып, 2020 жылғы 7 шілдеде Кодекстің жаңа редакциясы қабылданды, онда медициналық білім берудің сапасын күшейту крсетілген (221-баптың 6-тармағы).

**005 республикалық бюджеттік бағдарлама шеңберінде медицина қызметкерлеріне қосымша білім беруге қатысты**

Кодекстің 7-бабына сәйкес Министрлік жыл сайын медицина қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыруға мемлекеттік тапсырыс бөледі.

Ағымдағы жылы 005 «Денсаулық сақтау ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау» республикалық бюджеттік бағдарламасы шеңберінде ел ішінде басым және бағдарламалық бағыттар бойынша 7 850 маман, оның ішінде 4200 дәрігер және 3650 орта медицина қызметкері біліктілігін арттыру көзделген.


Білім беру қызметтерінің әлеуетті өнім берушілерін айқындауды Министрліктің конкурстық комиссиясы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес 3 рет жүргізді.

Біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігі мәніне конкурсқа қатысуға өтінімді қарау қорытындылары бойынша конкурстық баға ұсынысын мемлекеттік сатып алу веб-порталы автоматты түрде ашады және ең төмен шартты баға негізінде конкурс жеңімпазын айқындайды (*конкурсқа қатысушылардың шартты бағаларын автоматты түрде салыстырады*).

Барлық конкурстық рәсімдердің нәтижелері бойынша біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін 7 өнім берушімен 6850 маманның (4200 дәрігер және 3650 ОМҚ) біліктілік талаптары біліктілік арттыруға арналған шарт жасалды (*«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ, «ҚДСЖМ» Қазақ медицина университеті» ЖШС, «Астана медицина университеті» КеАҚ, «Семей медицина университеті» КеАҚ, «Республикалық жоғары медицина колледжі», Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының «Жоғары медицина колледжі» ШЖҚ МКК, «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ*).

**Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау министрінің  
міндетін атқарушы**

**Т. Сұлтанғазиев**



БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ \_\_\_\_\_

Астана қаласы

город Астана

2022 жылдың 19 желтоқсаны № 290-і

### Министрдің жұмыс сапары туралы

Мемлекет Басшысының 2022 жылғы 7 сәуірдегі «Орталық атқарушы органдар басшыларының халықпен кездесулерін өткізу туралы» № 863 Жарлығын іске асыру және орталық атқарушы органдар басшыларының 2022 жылға арналған халықпен кездесулер кестесінің шеңберінде 2022 жылғы 19 желтоқсаннан бастап 20 желтоқсанды қоса алғанда Ұлытау облысына іссапарға барамын.

Іссапар кезінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқару Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі Тимур Сламжанұлы Сұлтанғазиевқа жүктелсін.

Іссапар шығыстарын өтеу шарттары:


- тәулікақыны өтеу үшін күндер саны - 2;
- тұрғын үй-жайды жалдау бойынша шығыстарды өтеу үшін күндер саны – 1;
- Астана – Жезқазған – Астана бағыты бойынша әуе көлігімен.

Министр

А. Ғиният

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ  
ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІ  
**КӨШІРМЕ ДҰРЫС**





БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ \_\_\_\_\_

Астана қаласы

город Астана

19 декабря 2022 года № 290-і

### О рабочей поездке Министра

В рамках реализации Указа Главы Государства № 863 от 7 апреля 2022 года «О проведении встреч руководителей центральных исполнительных органов с населением» и графика встреч руководителей центральных исполнительных органов с населением на 2022 год, убываю в Улытаускую область с 19 по 20 декабря 2022 года.

На период моей командировки исполнение обязанностей Министра здравоохранения Республики Казахстан возложить на Султангазиева Тимура Сламжановича – первого вице-министра здравоохранения Республики Казахстан.

Условия возмещения командировочных расходов:

- количество дней для возмещения суточных – 2;
- количество дней для возмещения расходов по найму жилого помещения – 1;
- воздушным транспортом по маршруту Астана – Жезказган – Астана.

Министр

А. Гиният

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ  
ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІ  
КӨШІРМЕ ДҰРЫС

